



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы «02» 09
Ақтөбе қаласы

№ 135

«02» 09 2024 года
г. Ақтөбе

**«2024-2025 оқу жылында мектеп
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтуды ұйымдастыру туралы»**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына өзгеріс енгізу туралы ҚР Үкіметінің 08.08.2022 № 544 бекітілген қаулысымен Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары бойынша мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамту және оны тиімді ұйымдастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында 1-11 класс жетекшілері мен олардың ата-аналары арасында ұйымдастыру, түсінік жұмыстары жүргізілсін.
2. Бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 1-4-кластар жаппай (тізім қосымша жалғанады), 5-11 класс бойынша аз қамтылған отбасы оқушыларына тегін ыстық тамақ, бекітілген ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылсын.
3. 1-11 класс оқушыларының тамақтануын ата-аналар есебінен ұйымдастыру 1-11- класс жетекшілеріне міндеттелсін.
4. Оқушылардың ыстық тамақ және қоғамдық тамақпен қамтылу кестесі №1 қосымшаға сәйкес құрылсын.
5. Оқушыларды тамақтандыру Ақтөбе қаласының білім бөлімі 2024-2025 оқу жылына бекіткен және Ақтөбе қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен келісімделген перспективалы ас мәзірі негізінде ас мәзірге сай дәмді әрі сапалы дайындалуын қадағалау, шығымын күнделікті тексеру мейірбике А.Кусубаеваға міндеттелсін.
6. Тамақтану залында бекітілген мәзірдің күн сайын ілінуі, тамақтың ассортимент тізбесі мен сапасы, бағасының нормаға сәйкестігі асхана қызметкерлеріне жүктелсін.
7. Асхананы қажетті құралдармен қамту жұмыстары мектеп директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары С.Рахметоваға міндеттелсін.
8. Жеңілдіктерге ие отбасы балаларына және 1-4-кластарға жаппай ыстық тамақ беруге бөлінген қаржының мерзімінде игерілуі бас есепші Г.Абуоваға міндеттелсін.
9. Мектептегі жеңілдікке ие отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамту барысын, ас мәзірінің сақталуын бақылау және оқушылардың тізімін жасақтау әлеуметтік педагог А.Себеноваға міндеттелсін.
11. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Ельбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры  И.Бексултанова

